

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, 8D01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Мышбаева Гулмира Мұратқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін Lesson study әдістемесі арқылы дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Беркімбаев Қамалбек Мейірбекұлының**

**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңын» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы құжаттарды басшылыққа алуымен сипатталады. Бұған қоса, ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жолдауларында жоғары оқу орындары болашақ мамандардың сапалы даярлануына тоқталып зерттеушілік құзыреттілікке дайындаудың маңыздылығын атап көрсеткен болып отыр. Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін тағы бір мәселе – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін дайындау үдерісінде жүзеге асырылып жатқан көптеген құнды жаңа бағыттар, сонымен бірге осы жүйедегі зияткерлік, инновациялық, дидактикалық, жаңа білім берудегі әлеуетті құндылықтар болып саналатын білім мазмұны болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін жоғары оқу орнында зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін, оны сапалы ұйымдастырудың сенімді өлшемдері ретінде үйретілетіндігі. Ертеңгі күні өмірлік тәжірибелік алаңы – балабақшаға барған кезде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім алу сапасы да танылатыны анық. Сондықтан қазіргі уақытта ғылымда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мәселесі өзекті болғандықтан, Г.М.Мышбаеваның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін Lesson study әдістемесі

			арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады. Г.М.Мышбаеваның диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Г.М.Мышбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012-Мектепке дейінгі педагогика және оқыту (8D01201- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен әдістемесінің дамуына, әсіресе болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауда елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін Lesson study әдістемесі арқылы дамыту мәселесінің теориялық әдіснамалық негіздері айқындалуы арқылы үлесін қосады және зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған. Зерттеу мәселесіне байланысты дерек көздерді зерделей келе, біріншіден болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Екіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сарапталған.

			<p>Үшіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі жасалған. Төртіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі тексеріліп және ұсыныстар жасалып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту аясында жүргізілетін зерттеулер арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Ізденуші-докторанттың орындалған зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған жұмыс болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы құрылымды сақтаған. Сонымен бірге, тәжірибелік жұмыс барысында қолданған әдістемелерінің нәтижесін сенімді де нақты дәлелдері көрсеткені жұмыстың жазылудағы өзі жазу принципінің сақталғанын көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Lesson study әдістемесі негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- lesson study әдістемесі негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту көкейкестілігінің арта түсуіне қарамастан, теориялық және әдіснамалық негіздерінің жасалмауы арасында;</li> <li>- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту қажеттілігі мен қазіргі қолданыстағы lesson study әдістемесі негізінде бұл мәселені шешу мүмкіндіктерінің пайдаланылмауы арасында;</li> <li>- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуды тәжірибеде жүзеге асырудың оқу-әдістемелік жағынан жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.</li> </ul>

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді. Диссертациялық тақырып өзекті, әрі ауқымды ғылыми мәселені зерттеуге бағытталған. Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындауға мүмкіндік береді. Диссертацияның ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен практиканың бірлігін айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Біріншіден болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Екіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сарапталған. Үшіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі жасалған. Төртіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі тексеріліп және ұсыныстар берумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан <b>толық байланысқан</b>. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық</p>

		<p>1) <u>сыни талдау бар;</u>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>тұтастығымен, зерттеудің негізгі қортыныдыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, лиссертацияда қойылған мақсат мен мәндеттерді шешуге арналған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1-нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; «Зерттеушілік құзыреттілік» және «lesson study» ұғымдарының мазмұны мен мәні сипатталып, құрылымдалып, нақтыланған;</p> <p><i>2-нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибелері сараланған;</p> <p><i>3-нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі компоненттері мен көрсеткіштері беріліп, жоғары, орта және төмен деңгейлері айқындалып әдістемесі жасалған;</p> <p><i>4-нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың әдістемесі жасалған, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындысы жаңа деуге негіз бар. Себебі әрбір зерттеу міндеттері бойынша алынған нәтижелер, ғылыми жаңалықтары және қорғауға ұсынылған қағидаларымен оны дәлелдейді.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін Lesson study әдістемесі дамыту бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p>	<p>1. Қағида бойынша - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту – оның жалпы кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жоғары деңгейдегі ғылыми-зерттеушілік әрекетіне негіз болатын «зерттеушілік құзыреттілік» жайындағы білімі мен оқу мен оқыту үдерісінде жаңартпалы әрекет түрлерін білуі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту әдістерінің мәнін, қызметін түсінуі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жаңашылдыққа бейімделуі, тың идеяларды жүзеге асыруда тәуекелге баруы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы. Қағида дәлелденген, <b>тривиалды емес</b>, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және Болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін "Lesson Study" технологиясы негізінде дамыту. IV Жаһандық ғылым және инновациялар 2019: Орталық Азия. Халықаралық-ғылыми</p>

		<p>3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>практикалық конференция. 2019 жыл 21 қаңтар. 256-258 б. атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары: құзыреттілік, іс-әрекеттік, жүйелілік, синергетикалық тұғырлар нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Зерттеушілік құзыреттілікті құзыреттілік тұғыр тұрғысынан қарау білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі дамыта алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі. Қағида дәлелденген және негізделген, <b>тривиалды емес, жаңа</b>, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және Psychological and pedagogical bases of research formation competence of preschool teachers in the contex of lesson study. Cyprus Journal of Pedagogical Sciences, 17(4), 1359-1372. <a href="https://doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7160">https://doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7160</a> Myshbaeva G., Kyakbaeva U., Khairlaeva G., Kamzaeva K., Baytas N. (2022). мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы, онда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігінің мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік құрамдас бөліктерінің бірлігінен тұратын құрылымын түзеді. Қағида дәлелденген және негізделген, <b>тривиалды емес</b>, іс-әрекетті зерттеу топтары оқытушылардың кәсіби біліктілігін дамытудың тиімді құралы ретінде. VIII Халықаралық ғылыми- педагогикалық конференция «Global science and innovations 2020: Орталық Азия» 29 ақпан. 2020 ж. Нур-Султан (Астана), 8-11 бет. мақаласында дәлелденген.</p> <p>4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін дамытудың әдістемесі: тәрбиеші-педагогқа арналған: «Lesson study әдістемесі негізінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы, «Сабақты зерттеу (lesson study)» әдістемелік құралы және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған зерттеушілік нұсқаулықтардан тұрады. Қағида дәлелденген және</p>
--	--	--	--

			негізделген, <b>тривиалды емес, жаңа</b> , Болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін "Lesson Study" технологиясы негізінде дамыту. IV Жаһандық ғылым және инновациялар 2019: Орталық Азия. Халықаралық-ғылыми практикалық конференция. 2019 жыл 21 қаңтар. 256-258 б. атты мақаласында дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары жүйеленіп, талданған. Осы орайда қолданысқа енгізілген әдіснамалық тұғырлар (Жүйелілік, тұлғалық іс-әрекеттік, синергетикалық, құзыреттілік) жиынтығы болып табылады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер: философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау; - эмпирикалық әдістер: – сауалнама, бақылау, тестілеу, зерттеушілік тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдаулар жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудегі негізгі ойлар, диссертацияның негізгі мазмұны, ондағы негізгі тұжырымдар халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда және бақылау Комитеті бекіткен тізімдегі республикалық басылымдарда жарық көрген. Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 14 мақала жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда. Г.М.Мышбаеваның диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 116 студенті қатысты. Олардың 57-сі – бақылау тобы, ал 59-ы – эксперименттік топ. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі оның теориялық және



			әдістемелік ұстанымдарының жан-жақтылығымен, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін бір-бірін толықтыратын зерттеу әдістері мен эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерін пайдалана алуымен, апробациялаудың оң нәтижелерімен анықталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті</b> . 175 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық, нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және де басқа да дерекөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ: 1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы; 2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесінің сарапталуы; 3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесінің жасалуы; 4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеме тиімділігінің тексерілуі және ұсыныстар даярлануы.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытуды әдістемелік қамтамасыз етумен сипатталады. Атап айтқанда, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың әдістемесі құрастырылды және тәжірибе жүзінде

			оның тиімділігі тексерілді. «Lesson study әдістемесі негізінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы және «Сабақты зерттеу (lesson study)» әдістемелік құралы дайындалды және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған нұсқаулықтар әзірленді. Зерттеудің нәтижелерін мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, ЖОО - да және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру орталықтарында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

**Шешім:** 8D01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім бағдарламасы бойынша Мышбаева Гүлмира Мұратқызына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

**Ресми рецензент:**

**Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Инженерия факультеті, Компьютерлік ғылымдар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы**



**К.М.Беркімбаев**